

Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларға жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекция жүйесін енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 4 қазан N 1301. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.11.24. N 1778 қаулысымен. ~P991778

"Сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 11 қаңтардағы N 2021 U952021_ Жарлығын Орындау үшін импортталатын тауарлардың санына, сапасына және баға деңгейінің сәйкестігіне жөнелту алдында тәуелсіз инспекция жүйесін енгізу мақсатында, сондай-ақ тауарлар жіктемесін растау және кеден төлемдері мен салықтарын дәл есептеу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :

1. "Сосиете Женераль ДЕ Сюрвеянс С.А." халықаралық тәуелсіз фирмасы өзінің шетелдегі филиалдары арқылы (Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларға жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекцияны жүзеге асырудың тәртібі туралы Ережеге қосымшада көрсетілген елдерді қоспағанда) Қазақстан Республикасында импортталатын тауарларға жөнелту алдындағы инспекцияны жүзеге асыруға тартылсын.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен және қаржы министрлігімен келісіп, аталған фирмамен Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларға жөнелту алдындағы инспекция жүргізуге келісім ж а с а с ы н .

3. Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларға жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекцияны жүзеге асырудың тәртібі туралы қоса беріліп отырған Е р е ж е б е к і т і л с і н .

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитеті импортталатын тауарларға жөнелту алдындағы инспекция жүйесінің 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілетіні туралы Қазақстан Республикасы сыртқы экономикалық қызметінің субъектілеріне осы қаулы шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде хабарласын.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті мен аталған фирма арасындағы келісімінің шарттарына сәйкес инспекцияға жатпайтын тауарлардан басқа шет елдердегі жөнелту орындарында

жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекциясын "Сосиете Женераль де Сюрвеянс С.А ." фирмасы жүргізгеннен кейін ғана барлық импорттаушылар тауарларды әкетуін жүзеге асыруға міндеттелсін.

6. Осы қаулы жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде, контрактілер жасау кезінде, қазақстанның импорттаушылар шет елде олардан жөнелту алдындағы инспекцияның өткізілуін міндетті шарт ретінде қарастыруы тиіс.

7. Осы қаулы жарияланғанға дейін жасалған контрактілерде, ол жарияланған күннен бастап 2 айдың ішінде "Сосиете Женераль де Сюрвеянс С.А." - ның жөнелту алдындағы инспекциясы міндетті шарт ретінде толықтырылуы тиіс.

8. Қазақстан Республикасының Кеден органдары "Сосиете Женераль де Сюрвеянс С.А." фирмасының жөнелту алдындағы инспекциясының нәтижелері бойынша есеп алынған кезде ғана республика аумағына импортталатын тауарлардың еркін жүруіне жіберуді жүргізсін.

9. Импортталатын тауарлардың кедендік құнын белгілеу кезінде кеден органдары фирма берген тауарлардың жіктемесі мен баға деңгейі туралы деректерді негізге алады деп белгіленсін.

10. Ұлттық тұтынушының мүдделерін қорғау және Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларға жөнелту алдында инспекция жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі көрсетілетін қызметтерге төлем шығыстарын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетіне жыл сайын 1996-1998 жылдарға арналған заңдардың жобаларын дайындау кезінде қарастыратын болсын.

11. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп, осы шығындарды пайдаланудың тәртібін бір ай мерзімде әзірлеп, бекітуге енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 4 қазандағы
N 1301 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларға жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекцияны жүзеге асырудың тәртібі туралы

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Сосиете Женераль де Сюрвеянс" (бұдан әрі фирма)* тәуелсіз фирмасы жүзеге асыратын импортталатын тауарлардың тауарлық жіктемесін растау және кеден төлемдері мен салықтарын дәл есептеу үшін олардың санына, сапасына және баға деңгейінің сәйкестігіне жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекция жүргізудің тәртібін айқындайды.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының кеден және басқа заңдарының талаптары ескеріліп әзірленді және ол шет елдермен сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын барлық импорттаушылар (осы Ереженің қосымшасында көрсетілген елдерден басқа) үшін орындалуы міндетті.

3. Ережеде мынадай терминдер қолданылады:

"Импорттаушылар" - олардың атынан Қазақстан Республикасына тауарлар импорттауға (бұдан әрі контракт) контракт (шарт, келісім) жасалған заңды тұлғалар мен жеке адамдар.

"Тауарлар" - жолаушылар мен тауарлардың халықаралық тасымалында пайдаланатын, соның ішінде контейнерлер мен өзге де көлік жабдықтарын қоса алғанда, көлік құралдарынан басқа материалдық дүниедегі кез келген қозғалатын заттар, соның ішінде электр, жылу және басқа да энергияның түрлері мен көлік құралдары.

"Есеп-фактура" - экспорттаушы импорттаушының атына жазатын және тауардың нақты берілгенін, оның құнын айғақтайтын тауар құжаты.

"НБЕ" - Тәуелсіз инспекцияның нәтижелері бойынша есеп.

"ҚТ" - фирманың қорғаныш таңбасы (НБЕ-ні қорғау үшін).

II. Импорт бойынша жұмыстарды жүзеге асырудың тетігі

4. Импорттаушы шетелдік экспорттаушыға тапсырысын растайды да, тауарлардың республиканың кеден шекарасынан кідіріссіз өтуі үшін оған фирманың НБЕ-сі керек екені жөнінде ескертеді.

5. Мәміле бойынша әріптестер фирманың филиалының (немесе өкілетті агентінің) жөнелтілетін елде тауарларды жөнелту алдында міндетті түрде инспекциялау туралы контрактіге тармақ қарастырады.

6. Импорттаушы фирманың Қазақстандағы Өкілдігіне импорт бойынша мәміле туралы толық хабарлайды.

7. Фирманың Қазақстандағы Өкілдігі импорт мәмілесі бойынша хабар алған соң экспорттаушының немесе тауар берілген елдегі фирманың филиалына (немесе өкілетті агентіне) экспорттаушымен байланыс жасап, контракт бойынша қажетті ақпарат алады және шетелдік экспорттаушымен бірлесіп жөнелту алдындағы инспекция жүргізілуі тиіс орынды, уақытты және нақты күнді белгілейді.

9. Фирманың шет елдегі филиалы (немесе өкілетті агенті) импортталған тауарлардың санына, сапасына, баға деңгейінің сәйкестігіне жөнелту алдындағы инспекцияны жүзеге асырады, Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне сәйкес тауардың кодын белгілейді.

10. Инспекция аяқталған соң фирманың шетелдегі филиалы (немесе өкілетті агенті) НБЕ үшін мәліметтерді құрастырады. Егер шетелдік сатушы сапасы, саны жөніндегі анықталған айырмашылықты жоюдан немесе есеп фактураға қажетті өзгерістер енгізуден бас тартса, егер баға әдеттегі экспорттық бағадан жоғары екені анықталса, мұндай жағдайда фирма НБЕ-ні беруден бас тартады да, бұл жөнінде - Айырмашылықтар туралы есеп арқылы Қазақстандағы тиісті тараптар хабарланады.

11. Егер фирманың филиалы (немесе өкілетті агенті) белгіленген баға әдеттегі экспорт бағасынан төмен екенін анықтаса, мұндай жағдайда, шетелдік экспорттаушының есеп-фактурасына өзгерістер енгізу талап етілмейді, дұрыс баға НБЕ-ні көрсетіледі, кеден төлемдері мен салықтар соған сәйкес алынады.

12. Шетелдегі фирманың филиалы (немесе өкілетті агенті) ҚТ-ны бекіту жолымен есеп-фактураның соңғы нұсқасын куәландырады. Осыдан кейін НБЕ-нің деректері фирманың Қазақстандағы Өкілдігіне жіберіледі.

13. Шетелдік экспорттаушы фирма растаған Қорғаныш Таңбасы бар есеп-фактураның соңғы нұсқасын алады.

14. Шетелдік экспорттаушы төлемді жүзеге асыру үшін бекітілген ҚТ-мен есеп фактурасын (аккредитив арқылы мәмілелер жасалған жағдайда талап етілетін басқа құжаттармен бірге) Банкке тапсырады немесе аккредитивсіз мәмілелер жасалған жағдайда, бекітілген ҚТ-мен есеп-фактураны басқа да коммерциялық құжаттармен бірге Қазақстандағы импорттаушыға жібереді.

15. Фирманың филиалы (өкілетті агенті) НБЕ-нің деректерін электрондық коммуникациялар арқылы фирманың Қазақстандағы Өкілдігіне береді, ол НБЕ-нің түпнұсқасын белгіленген арналар бойынша импорттаушыға және көшірмелерін Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне береді. Импорттаушы Қазақстан Республикасының Кеден қызметтерінің тауарларды кеден сылуынан өткізу үшін міндетті құжат ретінде НБЕ-нің түпнұсқасын кеден органдарына тапсырады.

16. НБЕ-де бар фирманың деректері негізінде кеден мекемесі импорттаушы төлеу үшін тауарлардың номенклатурасын айқындайды, кеден салымдарының, салықтардың, баж салықтарының мөлшерін белгілейді, кеден декларациясы қабылданған күндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша е с е п а й ы р ы с у жү р г і з е д і .

17. Фирманың Қазақстандағы Өкілдігі статистикалық материалдар құрастырады және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетіне және басқа мүдделі ведомстволарына өзінің қызметі шеңберіндегі сыртқы сауда жөнінде статистика туралы ақпараттың тү с у і н қ а м т а м а с ы з е т е д і .

18. "Сосиете Женераль де Сюрвеянс С.А." фирмасының филиалы немесе өкілетті агенттігі Әлемдік сауда ұйымының (ӘСҰ) жөнелту алдындағы инспекция жөніндегі халықаралық Келісіміне сәйкес шетелдік экспорттаушыдан соңғы құжаттар (есеп-фактурамен және көлік құжаттары) алынған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде НБЕ-нің импорттаушыға берілуін қамтамасыз етеді.

19. Құны контракт, тапсырыс немесе аккредитив бойынша тепе-теңдігі үш мың АҚШ долларынан кем тауарлар тобы инспекциялауға немесе баға тексерісіне ж а т п а й д ы .

Қосымша

Олардың кеден аумағынан шығатын тауарларды әкету жөніндегі

"Сосиете Женераль де Сюрвеянс С.А." фирмасының жөнелту алдындағы инспекциясы жүргізілмейтін елдердің тізімі

Армения
Әзірбайжан
Беларусь
Грузия
Қырғызстан
Молдова
Ресей Федерациясы
Тәжікстан
Түркіменстан
Украина
Өзбекстан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК